

**Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы қауіпті су тасқыны жағдайы және олардың аумағының су астында қалуын болдырмау жөніндегі шаралар туралы**

***Күші жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 наурыздағы N 251 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 453 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.**

Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында қалыптасқан қауіпті су тасқыны жағдайына байланысты, олардың елді мекендерінің, объектілері мен аумағының су астында қалуын болдырмау, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, болуы ықтимал залалдың едәуір көлемін азайту және тасқын суды Сырдария өзенінің арнасына ретімен жіберуді жүзеге асыру және мүдделі мемлекеттік органдардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сырдария өзені бассейнінің халқын, объектілері мен аумағын қорғау мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Үкімет комиссиясы құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Үкімет комиссиясының құрамы бекітілсін.

3. Үкімет комиссиясының жұмыс органы болып Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) су тасқыны мен су басудың қауіп-қатері мен ауқымын, олардан келетін залалды азайту жөніндегі жеткілікті ұйымдастырушылық және инженерлік-техникалық шараларды қабылдасын;

2) Шардара су қоймасы мен басқа да су көздерін реттеуге, ондағы судың қауіпсіз деңгейін ұстауға бақылауды күшейтсін, Сырдария өзені бассейнінің тиісті мемлекеттік мониторингін ұйымдастырсын, Қазақстанның аумағына түсетін суды азайту және оны көл жүйелері мен ирригациялық арналар бойынша бөлу жөнінде шаралар қабылдасын, облысаралық, мемлекетаралық су объектілері бойынша су жинау мен су бөлуді тиімді жоспарласын және олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі:

1) Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесіп, халықты, объектілер мен аумақты Сырдария өзені тасқын суының жоғары деңгейінен қорғау жөнінде бірлескен шаралар қабылдасын және:

су тасқынының залалын азайту жөнінде жоспарлар;  
дүлей апат салдарын жоюға арналған күштер мен құралдар;  
су астында қалған аумақтан халықты болуы ықтимал көшіруді дайындауды  
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерімен  
б і р л е с і п :

су тасқыны салдарының алдын алу және жою үшін тартылатын авариялық  
құтқару және өзге де қызметтер мен бөлімшелердің жұмыстарын үйлестіру  
жөніндегі іс-қимылдар жоспарын;

төтенше жағдайларда авариялық құтқару жұмыстарын жүргізу үшін қажетті  
материалдық ресурстарды, күштер мен құралдарды;

су астында қалған аумақтан халықты және мүліктерді көшіруді дайындауды  
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп,  
табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен авариялық құтқару және басқа да  
шұғыл іс-шараларды қаржыландыру жөнінде ұсыныс дайындасын.

6. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Сырдария  
өзенінің бассейнінде, оның ішінде іргелес мемлекеттерде болатын жауын-шашын  
бойынша дұрыс болжамдарды үнемі беруді, өзендердің суға толу, мұз кату және  
сең жүру, қабыршақ мұздардың пайда болу, қарлардың еру мониторингін  
қамтамасыз етсін, қажет болған кезде Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан  
облыстарының әкімдерімен бірлесіп, қосымша гидрологиялық бекеттер құрсын.

7. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі:

1) темір жолдар мен автомобиль жолдарын, инженерлік құрылыстар мен  
коммуникация жүйелерін қорғау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) болуы ықтимал авариялық құтқару жұмыстарын орындау үшін автомобиль  
, темір жол және авиация көлігінің қажетті санын дайындауды қамтамасыз етсін  
және оларды Үкімет комиссиясының шешіміне сәйкес бөлсін.

8. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар  
м и н и с т р л і г і :

1) Шардара су торабы гидротехникалық құрылыстарының сенімді әрі тұрақты  
жұмысын және олардың авариясыз жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізуді  
қамтамасыз етсін, бұл үшін шұғыл түрде Шардара бөгетінің өзінде қажетті бекіту  
ж ұ м ы с т а р ы н жүргізсін;

2) іргелес мемлекеттердің энергетикалық кәсіпорындарымен және тиісті  
мемлекеттік органдарымен бірге электр энергиясын өндіруді және  
Нарын-Сырдария бассейнінің су электр станцияларының сарқырамасынан су  
жіберуді азайту жөнінде тұрақты жұмыс жүргізіп отырсын.

9. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Сырдария өзенінің арнасында арнайы жарылыс жұмыстарын жүргізу жөніндегі бригадалардың жеткілікті санын қалыптастырсын, қажетті жарылғыш материалдардың резервін құрсын және оларды тікелей пайдалану орындарына жедел жеткізуді қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі аса ауқымды су тасқыны жағдайына су тасқынына қарсы және көшіру іс-шараларын орындау үшін әскери, оның ішінде жарылғыш материалдардың жеткілікті резерві бар инженерлік-саперлік бөлімшелер, сондай-ақ авиация, өзге де қажетті техника мен жабдықтар дайындасын.

11. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіпті сақтау, көшірілгендердің мүлкі мен үйлерін күзету, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, авариялық құтқару қызметтері мен құрамаларының көліктері мен техникаларының кедергісіз қозғалысын, жүктерді төтенше жағдайлар аймағына жеткізу кезінде олармен бірге жүру және олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті бөлімшелер дайындасын.

12. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі болуы ықтимал апат аймағындағы халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету әзірлігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдасын.

13. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі өз құзыреті шегінде Нарын-Сырдария су қоймасы сарқырамасының жұмыс режимін реттеу және Шардара су қоймасына судың келіп түсуін азайту жөніндегі мемлекетаралық келісімдер мен хаттамаларды орындауды қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін, қажет болған кезде мүдделі министрліктер мен ведомстволар басшыларының Қырғызстан Республикасының, Өзбекстан Республикасының және Тәжікстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарының басшыларымен кездесуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Бірінші кезекте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы, Энергетика және минералдық ресурстар, Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп:

1) қырғыз тарапымен 2005 жылғы наурызда Тоқтоғұл СЭС қақпағында шығысы  $500 \text{ м}^3 / \text{сек}$ -тан аспайтын су жіберуді қамтамасыз етуге қатысты;

2) өзбек тарапымен Арнасайға су жинауды шығысын кемінде  $700 \text{ м}^3 / \text{сек}$ -қа қиын кезеңде  $1000 \text{ м}^3 / \text{сек}$ -қа дейін азайтуға, сондай-ақ шығысы кемінде  $350 \text{ м}^3 / \text{сек}$ . су жинауды шаю ағындарына жеткізуге қатысты келіссөз процесін жандандырсын.

14. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі суармалы егісті шаю үшін шығысы кемінде  $250 \text{ м}^3 / \text{сек}$ . тасқын суды барынша жинауды қамтамасыз етсін.

15. Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері:

1) су тасқынына қарсы іс-шаралар кешенін іске асыруды, оның ішінде тасқын суды көл жүйелеріне және суармалы егісті шаю үшін ирригациялық арналарға барынша жинауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ елді мекендердің, объектілер мен аумақтың су астында қалуын болдырмау мақсатында бөгеттер мен өзге де қорғаныс құрылыстарын қалпына келтіру, күшейту және салу жөнінде шұғыл жұмыстар жүргізсін;

2) мыналар:

инженерлік қорғаныс құрылыстарының, автомобиль және темір жолдарының, электр беру және байланыс желілерінің, тіршілікпен қамтамасыз ету жүйелерінің жай-күйін тәулік бойы бақылау;  
бөгеттердің қауіпті учаскелерін уақтылы анықтау;  
гидротехникалық қорғаныс құрылыстарында болуы ықтимал жарып өтуді жою жөнінде шаралар қабылдау жөнінде жұмылдыру топтарын ұйымдастырсын;

3) авариялық құтқару және жою жұмыстарын орындау, халықты және мүліктерді болуы ықтимал көшіру үшін күштер мен құралдардың толық әзірлігін қамтамасыз етсін, ол үшін техниканы, автокөлікті, жүзу құралдарын, уақытша баспаналарды, оның ішінде зардап шеккендерге арналған шатырларды, азық-түлік өнімдерін, киімді, медициналық қызмет пен өзге де адами және материалдық ресурстарды алдын ала дайындасын, мал басын сақтау жөнінде шаралар қабылдасын.

16. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005

жылғы

19

наурыздағы

N

251

қаулысымен

бекітілген

**Сырдария өзені бассейнінің халқын, объектілері мен аумағын қорғау мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Үкімет комиссиясының құрамы**

Есімов

Ахметжан Смағұлұлы

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

|                        |                                        |
|------------------------|----------------------------------------|
| Үмбетов                | - Қазақстан Республикасының Ауыл       |
| Серік Әбікенұлы        | шаруашылығы министрі, төрағаның        |
| орынбасары             |                                        |
| Көпеев                 | - Қазақстан Республикасының Төтенше    |
| Мұхамбет Жұманазарұлы  | жағдайлар министрі, төрағаның          |
| орынбасары             |                                        |
| Адырбеков              | - Қызылорда облысының әкімі, төрағаның |
| Икрам Адырбекұлы       | орынбасары                             |
| Жылқышиев              | - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі,  |
| Болат Әбжапарұлы       | төрағаның орынбасары                   |
| Бижанов                | - Қазақстан Республикасының Төтенше    |
| Нұрахмет Құсайынұлы    | жағдайлар бірінші вице-министрі        |
| Белоног                | - Қазақстан Республикасының Денсаулық  |
| Анатолий Александрович | сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік  |
| санитарлық дәрігер     |                                        |
| Исекешев               | - Қазақстан Республикасының Индустрия  |
| Әсет Өрентайұлы        | және сауда вице-министрі               |
| Ысқақов                | - Қазақстан Республикасының Қоршаған   |
| Нұрлан Әбділдәұлы      | ортаны қорғау вице-министрі            |
| Күрішбаев              | - Қазақстан Республикасының Ауыл       |
| Ақылбек Қажығұлұлы     | шаруашылығы вице-министрі              |
| Лавриненко             | - Қазақстан Республикасының Көлік және |
| Юрий Иванович          | коммуникация бірінші вице-министрі     |
| Ойнаров                | - Қазақстан Республикасының Қаржы      |
| Азамат Рысқұлұлы       | вице-министрі                          |
| Онжанов                | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  |
| Нұрлан Баймолдаұлы     | министрінің орынбасары                 |
| Оразбаев               | - Қазақстан Республикасының Энергетика |
| Бірлік Есіркепұлы      | және минералдық ресурстар              |
| вице-министрі          |                                        |
| Отто                   | - Қазақстан Республикасының Ішкі істер |
| Иван Иванович          | бірінші вице-министрі                  |
| Сұлтанов               | - Қазақстан Республикасының Экономика  |
| Бақыт Тұрлыханұлы      | және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |
| Рябцев                 | - Қазақстан Республикасы Ауыл          |
| Анатолий Дмитриевич    | шаруашылығы министрлігі Су ресурстары  |
| комитетінің төрағасы   |                                        |

|                                 |                                          |
|---------------------------------|------------------------------------------|
| Құрматов                        | - Қазақстан Республикасы Қорғаныс        |
| Юрий Шамильевич                 | министрлігінің Штабтар бастықтары        |
| комитеті төрағасының орынбасары |                                          |
| Күдеков                         | - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны |
| Тұрсынбек Керімұлы              | қорғау министрлігі "Қазгидромет"         |
| директоры                       | республикалық мемлекеттік кәсіпорнының   |
| Еламанов                        | - Қызылорда облысы әкімінің орынбасары   |
| Бекмырза Қайыпұлы               |                                          |
| Төлебаев                        | - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің     |
| Кенжехан Атақұлұлы              | орынбасары                               |